

Қабдыкер Б.С., академик Е.А.Бөкетов ат. Қарағанды мемлекеттік университеті, философия және психология факультеті, МСоц-51 тобы, магистрант
(*Ғылыми жетекші - доктор PhD Бейсенова А.А.*)

ҚҰМАР ОЙЫНДАРДЫҢ ТӘУЕЛДІЛІК ЕРЕКШЕЛІКТЕРІ

Тәуелділік кез келген қоғамға тән құбылыс. Адамның кез келген іс – әрекеті қандай да бір мөлшерде тәуелділікпен байланысты және ол әлеуметтік жүйенің тұрақсыздығына алып келеді. Азарттық ойындардың қолданыс табылуына байланысты келетін болсақ, соңғы кездерде азарттық ойындар ойын автоматтары мен казинолардың кең кеңейуіне байланысты үлкен мәнділікке ие болып отыр. Әртүрлі, өзінің жарқыраған, көзартарлық түрімен, жағымды акустикалық эффектiсiмен көптеген тұлғаларға күшті суттестивті әсер етеді.

Қазіргі кезде психологтар адамның мінез-құлқының ауытқушылық мәселесіне үлкен назар аударады. Ақиқат өмірге көңіл толмаушылық және одан алыстау тілегі адам өмірінің күрделі мәселерінің бірі. Адам өмірі, оның жағдайы және мінез - құлқы әртүрлі факторларға (есірткі, алкоголь, тамақ, жұмыс, азарттық және компьютерлік ойындар және т.б.) тәуелді болады. Бұл мақала адамдардың құмар ойындарға тәуелділігі немесе гэмблинг тәуелділік сұрақтарын зерттеуге арналады.

Ресей ғалымы В.И.Зубковтың пікірінше, «тәуелділік» ғылымда XVIII ғасырда қолданыла бастаған, ал XX ғасырдан бастап бұл ұғым әртүрлі ғылымдардың зерттеу объектісіне айналды [1, б. 13-14]. Ғылыми әдебиеттерде тәуекелділіктің әлеуметтік феномен ретінде екі ірі бағытын орыс ғалымы О.Н.Яницкий атап өтті. Реалистік бағытты жақтаушылардың пікірінше, тәуекелділікті ғылыми және техникалық дамумен байланыстыра отырып, оны психологиямен байланыстырады. Бұл бағытты жақтаушылардың пікірінше, қауіп ұғымы «қандайда бір қауіптің тууы сол қауіп мүмкіндігінің болуынан», дейді. Атап айтсақ, тәуекелділік потенциалды қауіпті тудыратын объективті және танымдық факт болып табыла отырып, зиян келтіру. Тәуекелділік әлеуметтік процестерге немесе мәдени ортаға тәуелсіз болады. Біз оны күнделікті өмірден байқап отырмыз. Адамдар күнделікті өмірде өз өмірлерін тәуекелділікке қоятындарын сезінбейді. М.Дугластың ойынша, «қауіп – қатерлер тәуелсіз өзгерістер ретінде байқалады, ал оған деген адамдардың іс – әрекеттері тәуелді болып табылады» [2, б. 242]. М.Дугластың бұл пікірімен әбден келісуге болады. Себебі адамдар қоғамдағы әр түрлі қауіптерден кейін, осы тәуекелділіктерге тәуелді болады.

Қазіргі кезде ғалымдар әрбір қоғамға тән өзінің тәуекелділігі болатынын айтады. Атап айтсақ, постиндустриалды қоғамның тәуекелділігі ретінде терроризм алынса, ал дәстүрлі қоғамдарда тайпалардың, елдердің бір – біріне жорығы, шабуылы т.б. - дейді [3, б. 38].

Қазіргі біздің қоғамымыз тәуекелділікті тудыратын бірден бір орта болып отыр. Адамды жан – жақтан тек табиғат апаттары ғана емес, транспорттық тәуекелділік, экономикалық тәуекелділік, атап айтсақ, доллардың өсуі, банктердің дағдарысқа ұшырауы салдарынан болатын қауіптер, саяси төңкерістер, мысалы, Украинадағы соғыс т.б. Соңғы бір айдың ішінде әлемде қаншама қауіп – қатерлер болды. Атап айтсақ, Ресейдегі Шарман Шейхтан ұшып шыққан ұшақтың жарылуы, Түркиядағы автобуста болған жарылыс, Қазақстандағы доллардың өсуі, Франциядағы терроризм т.б. тәуекелділіктерді атап айтуға болады.

Заманауи қоғамның маңызды сипатының бірі – адам алдындағы кез келген нәрсенің белгісіздігі немесе екіұштылығы. «Тәуекелділік қоғамын белгісіздік немесе екіұштылық деп атауға болады», дейді З.Бауман [3, б. 54]. Бұл дегеніміз тәуекелділік әркез белгісіздік салдарын тудыратын жағдай немесе құбылыс.

Тәуекелділік ғылыми техниканың дамуының әсерінен біртіндеп адам өміріне қауіп төндіретін әлеуметтік құбылыстарға айналууда. Тәуекелділік әр жерде, әр уақытта орын алады.

Әлеуметтік тұрғыда тәуекелділікті қарастырған ғалымдар У.Бек, Э.Гидденс, Н.Луман.

Мен өзімнің мақаламда күнделіктілік өмірде жиі кездесетін және соның салдарынан қаншама отбасы жапа шегіп, адамдар ішімдікке салынып, отбастарынан ажырасып, тек өз өмірін ғана емес, тұтас қоғамды тұрақсыздандыратын – құмар ойындарды тәуекелділік ретінде алып, олардың тұтас қоғамға зияндылығын қарастырдым.

Адамның санаулы ғана ғұмырында көптеп кездесетін, алдын жиі орап, сананы еліктіріп өзіне тартатын нәрсенің бірі – құмар ойындарда заманауи қоғамдағы тәуекелділіктің бір түрі болып отыр.

Құмар ойындар әлеуметтік қауіп пе, әлде зиянды әдет пе? Бұл сұраққа жауап бермес бұрын құмар ойындар дегеніміз не? Деген сұраққа жауап берейік.

Құмар ойын – қатысушылардың өз арасында не ойын бизнесін ұйымдастырушымен ұтыс көзделіп, олар қатысатын оқиғаның нәтижесіне жасалған, тәуекелге негізделген келісім.

Құмар ойынына және бәс тігуге қатысушы – құмар ойынына және бәс тігуге қатысатын жеке тұлға яғни, адам. Адам баласының көп жағдайларда құмар ойындарына құмарта отырып, өзінің өмірін тәуекелге буатыны өкінішті.

Сонымен қатар, құмар ойындары дос – жаран мен туған – туыстың арасына да іріткі салатын нәрсе. Ақшаның елесі оған еліткен жанды адастырып, көзін тұмандатып, жақын – жұрағаттарын ұмыттыратындығы сөзсіз. Оған берілген жан барша дүниені ұмытып, барлық есіл – дерті ақшаға ауып, соны қалай ұтып алуды ғана ойлайды. Былайша айтқанда, оның мақсаты құмарға тігілген ұтысты жеңіп алу ғана болады.

Ойынға араласқан барлық ойыншының мақсаттары – тек қана ұту. Ал ұтыстың тек бір адамда ғана қалатындығы белгілі. Жеңіліс тапқандар болса ашу – ызаға булығып, түрлі арам ойларға ерік береді де тағы да тәуекелділікке алып келеді. «Жығылған күреске тоймайды» демекші, алдамшы сеніммен ұтылған ақшасын қайтарып алу мақсатында тағы да ойнап, тағы да ұтылып, сол жерден айналшықтап кете алмайды. Қайтсе де жеңіске жету жолында қалтасындағы барын салады, болмаса қарызға ойнайды, нәтижесінде тағы да ұтылады. Соңында өзі де азғындайды, отбасы мен жақындарын да ұятқа қалдырып, аш – жалаңаштыққа ұшырайды, азып – тозады[4].

Шындығында, қандай да бір құмар ойын харам саналады. Бос уақытында құмар ойын ойнаған мұсылман одан лайықты деңгейде көңіл де көтере алмайды, дем ала да алмайды, ақша да таппайды. Әсіресе, қазіргі заманымыздағы дертке айналған, казино, букмекерлік кеңселерде ойнау, лоторея, карта ойнау сияқты жалпы бәс тігілетін ұтыс ойындары адамды бос үміт пен кездейсоқ жетістікке тәуелді етіп қояды. Ұтыс ойындарында ойламаған жерден асығы алшысынан түскен адам маңдай терімен еңбек етпей – ақ, біреудің ақшасын тартып алып, қалтасына басқанмен тең саналады. Бірақ, бүгін ұтқан ақшасынан ертең ұтылып қалатындығын ескермейді[5].

Шынын айтқанда, қазір игромания деген ұғым пайда болды. Казино, түрлі ойын автоматтары халықты алдап, қалтасын қағып жатыр. Мемлекет оның бәрін жауып, қала шетіне көшіруге қатысты заңдар қабылдаса да, әлі де қала орталықтарында құмар ойындарын жасырын түрде ашып, халықты қанап, әр жанұяның көз жасына қалып, қыруар пайда тауып отырғандар бар. Енді қала ортасынан букмекерлік кеңселер ашуға көштік. Әуелі букмекер деген не, осыны талқылап алайық. Букмекер деген бәстеспе ойындарда бәске тігілген ақшаны қабылдаушы деген мағынаны білдіреді. Мысалы қайдағы бір шетелде футбол ойыны болып жатса, соның есебі қандай болады, кім ұтады, соған ақша салуға тиіссің. Оған түрлі коэффициент қойып қойған. Былайша айтқанда, бұл да елді алдау. Біздің мемлекетке олардың түкке кереметі жоқ. Ол батыстан шыққан құмар ойынның бір түрі. Сондықтан оны қалай да құмар ойындар қатарына жатқызуға тиіспіз[6].

Казинолар қалаларда болғанда қаншама отбасы күйреп қаншама трагедиялық жағдайлар болды, тәуекелділікке ұшырайды. К.Поппер тәуекелділікке мінез – құлық тән дейді. Әлеуметтік жүйе ашық болған сайын тәуекелділіктің түрі де өте көп болады және адамдар ол тәуекелділікті өздері қалыптастырады деген[7].

Кейбір зерттеушілер құмар ойындарды – дерт деп есептесе, ал екінші бір зерттеушілер құмар ойындарды – әдет дейді. Бірақ менің ойымша олай емес, бұл ойынның астында үлкен технология жатыр. Бұл ойынханалар қазақ жастарының өміріне қастандық деп түсіну керек. Өмірде өте қуатты танысымның отбасы баласының арқасында ешкім білмейтін ауылда бейшаралық күн кешіп жатыр десек қателеспейміз[8].

Құмар ойындарға жататын ойындар, құмар ойындар өткізілетін мекемелер:

1. Бәс тігу – қатысушылардың өз арасында не ойын бизнесін ұйымдастырушымен ұтыс көзделіп, олар қатыспайтын оқиғаның нәтижесіне жасалған, тәуекелге негізделген ұйғарым;
2. Букмекер кеңсесі - ойын бизнесін ұйымдастырушы мен қатысушылар арасында ерікті түрде бәс тігу жасалатын ойын ұйымы;
3. Казино - құмар ойындарды ұйымдастыру және өткізу үшін ойын үстелдері пайдаланылатын ойын бірлестігі;
4. Казиноның немесе ойын автоматтары залының кассасы - ойын бизнесін байластыру арнайы жабдықтаған, қолма-қол ақшаны заңдастырылған белгілерге және заңдастырылған

белгілерді қолма-қол ақшаға ұсату (алмастыру) бойынша қызметтер көрсететін ойын мекемесіндегі орын;

5. Ойын автоматы - ойын бизнесін ұйымдастырушының немесе оның қызметкерлерінің қатысуынсыз, ұтысы ойын жабдығы корпусының ішінде орналасқан құрылғымен кездейсоқ жағдайда айқындалатын, құмар ойындарын және (немесе) бәс тігуді өткізу үшін пайдаланылатын ойын жабдығы (механикалық, электрлі, электрондық немесе өзге де техникалық жабдық);

6. Ойын автоматтары залы - құмар ойындарды ұйымдастыру мен өткізу үшін ойын автоматтары ғана пайдаланылатын ойын мекемесі;

7. Онлайн - казино - Қазақстан Республикасының аумағында орналасқан аппараттық – бағдарламалық кешенді пайдаланатын және құмар ойындарды нақты уақыт режимінде бір адам пайдалану режимінде де, бірнеше адам пайдалану режимінде де ұйымдастыру және өткізу мүмкіндігін іске асыратын және ұтыстарды алуды көздейтін ойын ұйымы;

8. Ставка – құмар ойынына және (немесе) бәс тігуге қатысушы ойын бизнесін ұйымдастырушыға беретін және ойын бизнесін ұйымдастырушы белгілеген ережелерге сәйкес құмар ойынына және (немесе) бәс тігуге қатысудың негізгі шарты болып табылатын ақша сомасы;

9. Ұтыс – құмар ойынының бірде бір тәуекелділікке алып келетін іс-қимыл болып табылады. Себебі, адам құмар ойынды ойнап ұтысқа ие болған сайын, адамда құмарлық өрби түседі, жеңгенге жеңе түскісі келетіні сөзсіз[9,10,11,12].

ҚОРЫТЫНДЫ

Құмар ойындар тәуелділікпен зардап шегушілермен тұлғалық сипаттарын зерттеуді жалғастыру қажет, өйткені бұл біздің осы аймақтағы қарастырылмаған мәнді мәселелердің бірі. «Тәуекелділік» - модернизация және жаһандану процесі тудырған индивидтің іс – әрекетінің қорытындысы. Әлем тәуелділікке толы. Бірақ мәселе тәуекелдің пайда болуына және таралуына ғана емес, сонымен қатар ол туралы хабардар болуы мен түсінуге негізделеді. Өкінішке орай, тәуекелділік факторлары күнделікті сана негізінде ғана түсіндіріледі. Ал, тұтас біздің қоғамымызда бұл мәселе әлі толықтай қарастырылмағандықтан, құмар ойындар қоғамның тәуекелі ретінде қауіп болып отыр. Сондықтан біздің елімізде тәуекел тақырыбын зерттеу өзектілігі Батыс зерттеулеріне қарағанда біршама артта екенін мойындау қажет.

Пайдаланған әдебиеттер тізімі:

1. Зубков, В.И. Социологическая теория риска: учебное пособие для вузов /В.И. Зубков. – М.: Академический проспект, 2009. – 380с.
2. Веселкова Н.В. Азартные игры в России// Социологический журнал. 2009. №3.
3. Дуглас М. Риск как судебный механизм. - THESIS, 1994, вып. 5 . – С. 242-253
4. Шепель Ю. Азартные игры как инструмент разрушения общества //Власть, №7, 2009 г. С. 61-65.
5. Смелзер Н. Социология// Социологические исследования. 1990 №11.
6. Яницкий, О.Н. Социология риска. – М.: Издательство LVS, 2003. – 192с.
7. Бехман, Г. Современное общество: общество риска, информационное общество, общество знаний/Готтхард Бехманн; пер. с нем. А.Ю. Антоновского, Г.В. Гороховой, Д.В. Ефременко, В.В. Каганчук, С.В. Месяц. - М.: Логос, 2010.
8. Ғайырфулла Қуанышбекұлы Құмар ойынға құмартпа <http://old.muftyat.kz/kz/article/view?id=1718>
9. Букмекерлік кеңселер қызметін құмар ойындар қатарына жатқызу керек пе?/http://alashainasy.kz/one_theme_two_opinions/bukmekerk-kenseler-kyizmetn-kumar-oyyindar-kataryina-jatkyizu-kerek-pe-50362
10. Кравченко А.И. Социология. Учебник М.2015.
11. Каменский А. «Вне игры» //Smart Money от 16.07.2009.
12. Ойынға тәуелділіктен сауықтыру, емдеу және онталу. Әдістемелік ұсыныстар. Павлодар, 2012.- 87б.